



010000, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 8  
«Министрліктер үйі», 15-кіреберіс  
тел.: +7 7172 74 11 39  
e-mail: kense-kvr@ecogeo.gov.kz

010000, г.Астана, пр.Мангилик Ел, 8  
«Дом министерств», 15 подъезд  
тел.: +7 7172 74 11 39  
e-mail: kense-kvr@ecogeo.gov.kz

№

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«Ауыл» партиясы  
фракциясының депутаттарына

2023 жылғы 24 қарашадағы  
№ДС-447 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында атап өткен су саласындағы проблемалық мәселелерге қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлайды.

**Бірінші,** Қазақстанның су қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асырудың құқықтық негіздері мен тетіктерін жетілдіру мақсатында Су кодексінің жобасы (бұдан әрі – Кодекс) әзірленді.

Кодекстің жаңа редакциясында бассейндік су инспекциялары (су ресурстарын басқару органдары) мемлекеттік бақылау функцияларынан басқа қадағалау функцияларына ие болады.

Анықтама. Кәсіпкерлік кодекске су ресурстарын басқару органдары жедел ден қою шараларын қабылдай алатын нормалар толықтырылады. Бұл шаралар Мемлекет басшысының судың «қара нарығын» жою, оның ішінде су саласындағы бұзушылықтар үшін жауапкершілікті заңнамалық деңгейде қатаңдату жөніндегі шараларды күшейту бөлігіндегі тапсырмасын іске асыру мақсатында қабылданды.

Сондай-ақ, Кодекске суару кондоминиумын құру жөніндегі норма енгізілді. Фермерлердің ортақ бөлінбейтін меншігі болып табылатын суару жүйелерін тіркеу мен есепке алу және одан әрі пайдалану тетігі толығырақ жазылған.

Кондоминиум болмаған жағдайда, ЖАО ішкі шаруашылық жүйелеріне қызмет көрсету үшін кәсіпорындар құру бойынша өкілеттіктерге ие болады. Гидромелиорациялық кондоминиум объектілерін бірлесіп пайдалану тәртібі тұрғын үй кондоминиумының ұқсастығы бойынша жүзеге асырылатын болады.

«Сумен жабдықтау және су бұру» бөлімінде ауыз судың сапасын жақсарту, суды дәлірек есепке алуды енгізу, ауыз судың сапасын өндірістік бақылау шаралары регламенттелген. Ауылдық елді мекендер шегінде жауын су канализациясына қызмет көрсету және қаржыландыру мәселелерін заңнамалық реттеу көзделген.

Алғаш рет суды пайдалану лимиттері туралы норма енгізілді, ол экологиялық ағынның (әлеуетті-еркін ағынның) көлемі белгіленгеннен кейін қалған су көлемінің шегінде есептелетін болады. Жеке бапта су секторын климаттың өзгеруіне бейімдеу жөніндегі шаралар регламенттелген.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Президентінің «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарының 48-тармағын орындау үшін Министрлік Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасының (бұдан әрі – Тұжырымдама) жобасын әзірледі және 2023 жылғы 22 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратына енгізілді.

**Екінші,** Тұжырымдама жобасында су тұтыну көлемін және тасымалдау кезінде каналдардағы судың ысырабын азайту, қосымша жинақталған суды ұлғайту, республиканың көрші елдердің аумағынан трансшекаралық өзендер ағынына тәуелділігін төмендету, су ресурстарына жүктемені азайту, елді мекендерді су басу қаупін азайту, экологиялық жағдайды жақсарту көзделеді.

Бұл мақсаттарға жаңа су қоймаларын салу және авариялық су қоймаларын реконструкциялау, суармалы егіншілікте озық су үнемдеу технологияларын енгізу, автоматтандыру және цифрландыру, жаңа гидрологиялық бекеттер құру, өзендер мен көлдердің арнасын тазарту, Қазақстан мен шектес елдер арасындағы трансшекаралық су объектілерін бірлесіп басқару және пайдалану саласындағы қосымша 3 келісімге қол қою арқылы қол жеткізілетін болады.

**Үшінші,** 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап су саласы қызметкерлерінің жалақысы 25% өсті. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады, бұл ретте жұмыс істеп жүрген кадрларды ғана емес, уақыт талабына сай келетін жаңа кадрларды да дайындау маңызды.

**Төртінші,** Қазақстанның су ресурстарына сапалы талдау және болжам жасау мақсатында Су ресурстарының ақпараттық-талдау орталығын құру, сондай-ақ су тасқынын модельдеу және болжау жөніндегі цифрлық геосервисті, ЖҚЗ деректері және далалық верификация негізінде су тұтыну жөніндегі цифрлық платформаны, елдің су ресурстары жөніндегі интерактивті геоақпараттық платформаны дамыту көзделеді. Су саласындағы тарифтік саясатты жетілдіруді заңнамада белгіленген тәртіппен табиғи монополиялар саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп жүргізетін болады.

Жаңа Су кодексінің жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне 2023 жылғы 29 желтоқсанда енгізілді.

Парламент депутаттарының көмегімен Қазақстан үшін өте маңызды бұл заңнамалық акт пысықталып, қоғам мен мемлекеттің барлық сауалдарына жауап беретін, Мемлекет басшысы айқындаған су саясаты бағытын іске асыруға жәрдемдеседі деген үміт білдіргім келеді.

**Министр**

**Н. Нұржігітов**